



29 қыркүйек, бейсенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz



www.facebook.com/syrboyi.kz/



www.instagram.com/syrboyi_kz



https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi_kz

ПРЕЗИДЕНТ



НАҚТЫ НӘТИЖЕЛЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ МАҢЫЗДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Реформалар жөніндегі жоғары кеңестің кезекті отырысы өтті.

Жиын ұлттық жобаларды әзірлеуге қатысты мәселелерді талқылаудан басталды. «Жайлы мектеп» жобасы бойынша Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов баяндама жасады.

Министрдің айтуынша, жобаның мақсаты – мектептердегі орын тапшылығы мәселесін жүйелі түрде шешу. Жобаның жүзеге асырылуы 800 мың оқушыға арналған жаңа форматтағы мектептер салуға мүмкіндік береді. Жаңа қолайлы мектептердің қазіргі салынып жатқан мектептерден концептуалды

артықшылығы мынада: құрылыстың бірыңғай стандарты сақталады, пән кабинеттері мен зертханалар толықтай жабдықталады, 1-4 сынып және 5-11 сынып оқушылары үшін дербес блок болады, спорт залдарының саны оқушы санына қарай есептеледі және 1-4 сынып пен 5-11 сынып оқушылары үшін бөлек орналастырылады, әр мектепте қыздар мен ұлдарды еңбекке баулуға арналған әмбебап шеберханалар мен студиялар қарастырылады. Осы және өзге де жаңашылдықтар балаларымыздың дағдылары мен қабілеттерін жан-жақты дамытуға бағытталған.

Баяндаманы тыңдаған Президент білім алу үшін дұрыс жағдай жасау мемлекеттің аса маңызды міндеті екенін атап өтті.

2-бет

БАС МҮФТИМЕН КЕЗДЕСТІ



Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сыр еліне жұмыс сапарымен келген ҚМДБ төрағасы, Бас мұфти Наурызбай қажы Тағанұлымен кездесті.

Басқосуда өңірдегі діни ахуал талқыланды. Сонымен қатар, имамдардың білімі мен біліктілігін көтеру, дін қызметкерлерін әлеуметтік тұрғыдан қолдау, аймақтағы мешіттерді кадрлармен қамтамасыз ету, халыққа дін мен дәстүр сабақтастығын дәріптеу сынды мәселелер сөз болды.

Аймақ басшысы еліміз тәуелсіздік жылдарында қоғамдық-саяси және экономикалық тұрақтылығымен, әртүрлі ұлт пен ұлыс, конфессиялар арасындағы сенім және өзара түсіністікпен ерекшеленетінін атап өтіп, асыл дінімізге қолдау көрсетіп, игілікті істерді жүзеге асыруға әрқашан әзір екенін жеткізді.

Өз кезегінде Наурызбай қажы Тағанұлы облыс әкіміне игі ниетін жеткізіп, Сыр елінде республикалық Құран жарысын ұйымдастыру іс-шараларына қолдау көрсеткені үшін Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы атынан алғысын білдірді.

МАҚСАТ – АДАМҒА БАҒДАРЛАНҒАН ҚЫЗМЕТТІ ДАМУ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Digital Bridge форумының пленарлық отырысында сөз сөйледі.

Қасым-Жомарт Тоқаев жиынға қатысушыларға ілтипат білдіре отырып, жыл сайын өтетін Digital Bridge форумы төрт жылда ірі және маңызды өңірлік алаңға айналғанын атап өтті.

Мемлекет басшысы, сарапшылардың болжамы бойынша, он жылдан кейін әлемде өнімдер мен қызметтердің 70 пайызы цифрлық платформалық модельдер негізінде құрылатынын мәлімдеді. Мұндай жағдайда Қазақстан өзіне еуразиялық кеңістіктегі ең ірі цифрлық хабтардың біріне айналу стратегиялық міндетін қойды. Мемлекет басшысының айтуынша, бүгінде Қазақстан көптеген дамыған елді озып, БҰҰ-ның цифрланған мемлекеттер рейтингінде үздік отыз елдің қатарына кіреді. Дегенмен Қазақстанды одан әрі цифрлық трансформациялау үшін көп жұмыс істеу керек. Президент өз сөзінде оның басымдықтарын айқындап берді.

Бірінші. Адамға бағдарланған қызметті дамыту. Мемлекетке цифрлық технологиялар, ең алдымен, экономиканың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету, тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің жаңа түрлерін игеру, Финтех пен Индустрия 4.0-ді енгізу үшін қажет. Дегенмен «Government to citizens», яғни азаматтарға қызмет көрсету саласы да – маңызды басымдықтардың бірі. Цифрлық технологиялардың көмегімен біз азаматтардың күнделікті тіршілігін барынша жеңілдетуге және барлық адам үшін тең мүмкіндіктерге қол жеткізуді көздеп отырмыз. Бұл үшін мемлекеттік басқаруды цифрландырудың «Invisible Government» мүдде жаңа форматына көшу қажет. Оның негізгі мәні – мемлекеттік саясаттың адамға баса мән беруі, оның қажеттіліктері мен мүдделеріне бағытталуы. Мемлекет қабылдаған ауқымды

шаралар мен шешімдер азаматтарға байқалмайды, олар тек нақты нәтижені көреді. Сондықтан барлық мемлекеттік қызмет барынша электронды форматқа көшіріледі. Бюрократиялық рәсімдердің бәрі алынып тасталады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Оның айтуынша, елімізде мемлекеттік қызметтердің 90 пайыздан астамы электронды форматта көрсетіледі. Бұл – әлемдегі ең жоғары көрсеткіштердің бірі. Жеке сектормен қалыпты өзара іс-әрекет жолға қойылған. Атап айтқанда, Каспий, Халық, B1 Group және басқа да компаниялар мемлекеттік қызметтерге өздерінің платформалары арқылы қол жеткізуге жол ашты.

Қасым-Жомарт Тоқаев IT саласына қолайлы жағдай жасау мәселесін екінші басымдық ретінде атап өтті. Президенттің пікірінше, аймақ бойынша Қазақстан – IT саласын дамыту үшін өте жақсы жағдай жасаған елдердің бірі. Бұл нормативтік базаға да, IT бизнесті дамытудың бірегей режимдері мен құралдары бар арнайы платформаларға да қатысты. «Astana Hub» IT стартаптарының халықаралық технопаркі арнайы салық және виза режимінде жұмыс істейді. Қазірдің өзінде 900-ден астам компания оның резиденті атанып, қазақстандық және халықаралық нарықтарда табысты қызмет етеді.

Жуырда АҚШ-та Microsoft, Eram, Coursera сияқты компаниялардың басшыларымен кездестім. Қазақстанмен ынтымақтастықты нығайту, елімізге кәсіпорындарды көшіру жөнінде

нақты келісімдерге келдік, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Қазақстан IT инфрақұрылымын кең көлемде жаңғырту ісін жалғастырады. Мемлекет басшысының айтуынша, трафик шоғырланатын әлемдік орталықтарға қосылу үшін транскаспий учаскесінде әзербайжандық әріптестермен бірлескен жұмыстар басталған. Бұл жерде сөз Оңтүстік Шығыс Азия мен Еуропа туралы болып отыр. Сонымен қатар Қазақстанға Cloud есептегіш нарығының ірі өкілдері саналатын Microsoft Azure, Amazon Web Services, Google Cloud және басқа да компаниялар тартылып жатыр.

Цифрлық экономика мен Индустрия 4.0-ді дамыту ісі де еліміздің басым бағыты болмақ. Президент әлемнің бір орнында тұрмайтынын, технологияның одан әрі дами беретінін айта келе, Үкіметке цифрлық экономиканы одан әрі дамыту үшін қолдау шараларын дер кезінде ұйымдастыруды тапсырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев адами капиталды күшейту мәселелеріне арнайы тоқталды. Мемлекет басшысы екі жыл бұрын әлемнің IT нарығына 30 миллион маман керек болғанын айтты. Бүгінде қажеттілік 100 миллионға жетті, 2025 жылға қарай 200 миллионға дейін артады. Сондықтан Президент 2025 жылға қарай, кем дегенде, 100 мың жоғары білікті IT маман даярлау қажет екенін айтты.

Жуырда Нью-Йоркке жасаған жұмыс сапарым барысында Digital Nomads IT қоғамдастығындағы жас отандастарымызбен кездестім. Олар АҚШ пен Еуропадағы ірі компанияларда жұмыс істейді және жаһандық деңгейде бәсекеге қабілетті. Бүгінде Қазақстанда халықаралық деңгейдегі өнім шығаруға қабілетті дарындылар аз емес.

2-бет

ҚҰРАН БАЙҚАУЫ ЖӘНЕ МАРАЛ ИШАН МЕДРЕСЕСІ

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының ұйымдастыруымен «Ақмешіт-Сырдария» мешітінде Құран Кәрімді жатқа айту және мәнерлеп оқу бойынша XI республикалық байқауының ашылу рәсімі болды.

Ғазиза ӘБІЛДІ,
«Сыр бойы»

Жылдағы дәстүрге сәйкес байқау Құран Кәрімнің 30, 20 және 10 парасын жатқа оқу және мәнерлеп оқу шарттары бойынша өтеді. Байқау 28-29 қыркүйек күндеріне жоспарланған.

Құран байқауының ашылуына облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет

Сақтағанов және Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мұфти Наурызбай қажы Тағанұлы бастаған ҚМДБ басшылық құрамы, әр өңірдегі өкіл имамдар, зиялы қауым, еліміздің әр қиырынан бақ сынағалы келген 100 үміткер қари қатысты.

6-бет



БАСПАСӨЗ – 2023

Құрметті оқырман

2023 жылдың бірінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты газеттерге жазылу басталды. Қапы қалмаңыз!

«Сыр бойы» газетіне жазылу бағасы:
жекелер үшін:
6 айға – 3500 теңге.
Мекемелер үшін:
6 айға – 4500 теңге.



НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

ҚОҒАМДЫҚ ТЫНДАУ: Жаңа әуежай жобасы қолдау тапты

«Қорқыт ата әуежайы» терминалының құрылыс жобасы бойынша қоғамдық тыңдау өтті. Жиынға «Болат Өтемұратов қорының» директоры Марат Айтмағамбетов, облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Пакуатдин Шамұратов, «Astana property management» ЖШС директоры, «Верный капитал» АҚ инвестициялық тобы бас директорының орынбасары Дәурен Өтемұратов, «Болат Өтемұратов қорының» жоба жетекшісі Абай Нұрмаханов, «Accept development solutions» ЖШС жобаның бас инженері Нұрлан Жұмағұлов, жоба жетекшілері, мүдделі мемлекеттік органдар өкілдері қатысты.

5-бет





МАҚСАТ – АДАМҒА БАҒДАРЛАНҒАН ҚЫЗМЕТТІ ДАМУ

Сондықтан мен Үкіметке оларды қай жерде жұмыс істесе де қолдау көрсетуді және елімізді цифрландыруға барынша араластыруды тапсырдым, – деді Мемлекет басшысы.

Президент қазіргі ақпараттық қоғамда және цифрлық экономикада үздіксіз білім алмасу аса маңызды деп есептейді. Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа идеялар мен серпінді жобалар тек еркін және үйлесімді қоғамда ғана жүзеге асатынына сенімді екенін жеткізді.

Мемлекет басшысы жыл сайын өтетін «Digital Bridge 2022» халықаралық технологиялық форумына қатысты. Іс-шараға Премьер-Министр, мемлекеттік органдардың, бизнес-құрылымдардың жетекшілері, отандық және халықаралық сарапшылар қатысты.

1-бет

Президентке Astana Hub IT экокүйесінің қазіргі қызметі және Google for Startups компаниясымен бірлескен бағдарламасының жүзеге асырылуы жөнінде баяндалды, сондай-ақ Alem бағдарламалау мектебі мен «Қазақстан халқына» қорының жобасы таныстырылды.

Бұдан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев стартап аллеясындағы әрбір жобаға арнайы тоқталып, компания өкілдерінің жетістіктерін тыңдады. Олардың бірқатары тек Қазақстан нарығымен шектелмей, шетел нарығына да шыға бастаған.

Мемлекет басшысы «Digital Bridge» халықаралық технологиялық форумы аясында халықаралық IT компаниялардың басшыларымен бірқатар кездесу өткізді. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Sam-

sung Electronics компаниясының корпоративті президенті Ин Йонг Ри IT мамандарды даярлау, бірлескен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу және ғылым саласында ынтымақтастық орнату мүмкіндіктерін қарастырды. Арсен Томский Мемлекет басшысына Қазақстандағы көлік қызметі саласындағы ең танымал мобильді қосымшалардың бірі in-Driver-дің қызметін дамытудың перспективалары туралы айтты. G42 компаниясының директоры Мансур Ибрагим әл-Мансуримен кездесуде ақпараттық технологиялар мен цифрлық қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастықты кеңейтуге баса назар аударылды. Bharti Enterprises және OneWeb құрылтайшысы әрі төрағасы Сунил Барти Митталмен кездесуде шалғай елді мекендерді интернетпен қамту үшін төмен орбиталы спутниктерді және жерүсті станциялар желісін пайдалану мәселелері талқыланды.

НАҚТЫ НӘТИЖЕЛЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ МАҢЫЗДЫ

– Өкінішке қарай, бүгінге дейін көп талқыланғанына қарамастан, үш ауысымды, апатты, ескі мектептер мәселесі шешілген жоқ. Сондықтан осы ұлттық жобаның жүзеге асырылуы Үкіметтің де, жергілікті атқарушы органдардың да ерекше бақылауында болуға тиіс. Үкімет пен Есеп комитеті әрбір теңгенің көзделген мақсатқа жұмсалуын қамтамасыз етуі қажет. Өкімдер жыл соңына дейін жер, инфрақұрылым жөніндегі барлық мәселені шешуі керек. Мұнда еш ақталудың реті жоқ. Сондықтан өңір басшыларының жеке жауапкершілігін күшейту жөніндегі ұсынысты қолдаймын. Құрылысы 2023 жылы басталуға тиіс мектептер үшін жер учаскелерін бөлу және инфрақұрылымға қосу жөніндегі барлық мәселе бір ай ішінде шешілуі керек. Қалғандары жыл соңына дейін. Үкіметке әрбір өңірдің осындай міндеттемелерін айқындап, олардың орындалуын бақылауды тапсырамын, – деді Мемлекет басшысы.

Президент ұлттық жобаны келесі жылдан бастап жүзеге асыру үшін биыл барлық қажетті нормативтік актілерді қабылдауды тапсырды. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің Sam-guk-Kazyna Construction-ды бірыңғай тапсырыс беруші ретінде айқындау туралы ұсынысын қолдады. Осы ретте Президент бюджеттен бөлінген қаржының жұмсалуын қатаң бақылауға алу қажет екенін айтты.

Мемлекет басшысы балалардың оқулыққа толы үлкен әрі ауыр рюкзактарды аркалап жүруге мәжбүр болуына байланысты ата-аналардың

1-бет

шағымдарына арнайы тоқталды. Бұл балалардың денсаулығына зиян келтіретіні анық.

Асхат Аймағамбетов проблемаларды шешуге бағытталған шаралар туралы баяндады. Оның айтуынша, цифрлық оқулыққа кезең-кезеңімен көшу ісі жүзеге асырылып жатыр, сондай-ақ жаңа мектептер оқушылардың жеке заттарын, ауыстыратын аяқ киімдері мен оқулықтарын сақтайтын жеке шкафтармен жабдықталады.

«Ауылдық жердегі денсаулық сақтау саласын жаңғырту» атты екінші жобаны Денсаулық сақтау министрі Ажар Гиният таныстырды. Оның айтуынша, жоба барлық ауылдық елді мекендерді медициналық инфрақұрылыммен қамтамасыз етуге және заманауи көпбейінді орталық ауданаралық ауруханалар желісін ұйымдастыруға бағытталған. Өкімдіктермен бірлесіп 655 нысанның, оның ішінде 253 медпункт, 160 дәрігерлік амбулатория және 242 фельдшерлік-акушерлік пункттің құрылысы бойынша дайындық жұмыстары басталды. Жобаны іске асыру медициналық көмектің қолжетімділігін арттыруға, ауыл халқына жедел медициналық көмек көрсетуді қамтамасыз етуге, қан айналымы жүйесі аурулары салдарынан өлім-жітімді 20 пайызға төмендетуге, өмір сүру ұзақтығын арттыруға мүмкіндік береді.

Президент ауыл халқының 100 пайызын сапалы алғашқы медициналық көмекпен қамтамасыз етуді көздейтін жобаның әлеуметтік маңызы зор екенін атап өтті.

– Бұл – мемлекет ретінде біздің міндетіміз. Алайда бұл атқарылатын барлық жұмыстың ең аз бөлігі. Сондықтан жобаның екінші компоненті – ауыр дертке шалдыққандарға және жаракат алғандарға сапалы көмек көрсету уақытын қысқартуға мүмкіндік беретін көпбейінді ауруханалардың құрылысына қатысты мәселе де маңызды. «Алтын сағат» қағидасын бекер ұстанбайды – наукасты жабдықталған ауруханаға неғұрлым тез жеткізсе, оның өмірін сақтап қалуға соғұрлым мүмкіндік мол. Бұл бастама қанайналым жүйесінің ауруы салдарынан адам шығынын азайтуға айрықша тиімді әсер етеді деп үміттенеміз. Еліміздегі азаматтардың 35 пайызы осы аурудан көз жұмады. Қазақстанда ҰБДҰ елдерімен салыстырғанда, инсульт пен инфаркттан 2 есе көп қайтыс болады. Тіпті, жастарымыз да көз жұмып жатыр. Соңғы үлгідегі техникамен жабдықталған көпбейінді ауруханалар желісі – бұл ұлт саулығына қосылған зор үлес әрі тиімді шешім, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы онкологиялық аурулардың алдын алу және емдеу мәселелерін ерекше бақылауға алуды тапсырды.

Президент ұлттық жобалардың нақты нәтижелеріне қол жеткізудің маңыздылығын ерекше атап өтіп, олардың іске асырылуына мониторинг жүйесін қамтамасыз етуді тапсырды.

Сондай-ақ отырыста Қазақстан Республикасының 2060 жылға дейін көміртегі бейтараптығына қол жеткізу туралы мәселе қарастырылды.

Кәсіпке ынталы азаматтарды қолдау керек

Премьер-Министр Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында 2021–2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаны іске асыру барысы мен егін жинаудың алдын ала қорытындысы қаралды. Жиынға министрлер мен онлайн режимде өңір әкімдері қатысты.



ҚР Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров 2021 жылы ұлттық жоба аясында 48,8 мың жобаға мемлекеттік қолдау көрсетіліп, қызмет көрсету және өңдеу өнеркәсібі салаларында жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін 984 жобаға грант берілгенін мәлімдеді.

Егін мәселесі бойынша Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеев биыл ауыл шаруашылығы дақылдарының жалпы жинау алаңы 23,4 млн гектарға жеткенін баяндады. Оның ішінде астық жинау алаңы 16,1 млн гектарды құрайды.

Жиын қорытындысымен Үкімет басшысы кәсіп ашам деген азаматтарға жан-жақты қолдау көрсетуді, астық жинау жұмыстарын тез арада толықтай аяқтауды тапсырды.

Үкімет тапсырмаларын орындау негізінде аймақтағы жағдай бойынша облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау бағытында Арал, Сырдария, Жаңақорған аудандарында жұмыс баяу екенін ескертті. Сол себепті де ауылдарда жаңа кәсіпкерлік субъек-

тілерін құру іс-шараларын атқаруды, макроэкономикалық көрсеткіштерді орындау қажет екенін баса айтты.

Мұнан бөлек, аймақ басшысы құрылысы аяқталған инвестициялық жобалардың статистикалық есептіліктерінің тапсырылуын және іске қосу актісінің алынуы мен Қызылорда қаласында жаңғыртылуы қажет «Сыбаға», «Сұлтан» және «Ас-бол» сауда базарларын сүйемелдеуге алып, құрылыс жұмыстарын жақын арада бастау бойынша жедел шаралар қабылдауды тапсырды. Сондай-ақ, жуында қайтарымсыз грант беру бас-тамасына қатысты орын алған түсініс-пеушілікті ескеріп, нақты түсіндірме жүргізуді және қаражаттың мақсатты жұмсалыуына, жобаның толығымен іске қосылуына мониторинг жүргізуді міндеттеді.

«Бизнес жасауға ынталы азаматтарды қолдауымыз қажет. Әрбір кәсіпкер 5-6 азаматты жұмыспен қамтыса да, тұрақты табыс түсіруге ықпал етеді. Сондықтан шағын өндіріс болса да, оны іске асыруға мүдделі болуымыз керек. Біз үшін салық

базасын ұлғайту, халық табысын арттыру өте маңызды. Сондықтан, аудан әкімдері, өңір дамуына үлес қосатын азаматтарға барынша қолдау көрсетіңіздер, – деді Н.Нәлібаев.

Айта кетейік, қазіргі таңда мемлекеттік қолдау шараларының нәтижесінде облыста жұмыс жасап тұрған кәсіпкерлік субъектілерінің саны 15,2%-ға, жұмыспен қамтылғандар саны 6,6%-ға ұлғайды. Ал, шағын және орта кәсіпкерлік бойынша несие портфелі 15 млрд теңгені құрайтын 833 жоба субсидияланды. Оның ішінде, ауылдық елді мекендегі кәсіпкерлердің 165 жобасына 867 млн теңге көлемінде шағын несие берілді.

Үкімет отырысында қаралған екінші мәселе бойынша облыс әкімі аймақта егін жинау жұмыстарын сапалы жүргізіп, өнімді шығынсыз толық жинап алуға ерекше мән беру және жыл сайын өткізілетін «Алтын дән» мерекесін жоғары деңгейде ұйымдастыру жөнінде нақты тапсырма берді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

КОМИССИЯНЫҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ

Сейсенбіде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен терроризмге қарсы комиссияның кезекті отырысы өтті. Оған облыс әкімінің орынбасарлары, құқық қорғау органдары мен салалық басқармалардың басшылары қатысты.

Отырыстың күн тәртібінде аудандық терроризмге қарсы комиссия-лардың, сонымен қатар Қызылорда қаласы және аудан әкімдіктерімен ақпараттық-түсіндірмелік жұмыстардың нәтижелері туралы сұрақтар қаралып, сала бойынша жұмыстарды жетілдіруге бағытталған ұсыныстар талқыланды.

Сондай-ақ, Қызылорда қаласы және Қазалы ауданы әкімдерінің есептері тыңдалып, әкімдіктер мен мемлекеттік орган басшыларына бірқатар тапсыр-малар берілді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ, ҚАЛАЛЫҚ ЖӘНЕ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫ

№	Аты-жөні, тегі	Комиссиядағы лауазымы
Қызылорда облыстық сайлау комиссиясының мүшелері		
1.	Баймырзаев Ғалым Қонақбайұлы	Төраға
2.	Накипов Болат Нұржігітұлы	Төраға орынбасары
3.	Сырлыбаева Аягөз Мұратбекқызы	Комиссия хатшысы
4.	Жарекеева Уйтолған Найзағұлқызы	Комиссия мүшесі
5.	Тарбақов Хамит Мұратұлы	Комиссия мүшесі
6.	Қарабалаев Ерлан Жағыппарұлы	Комиссия мүшесі
7.	Ідірісов Бақытжан Жеткерұлы	Комиссия мүшесі
Қызылорда қалалық сайлау комиссиясының мүшелері		
1.	Ергешбаев Әбдіқадыр Нальхожаевич	Төраға
2.	Құрақбаева Кенжегүл Құрақбайқызы	Төраға орынбасары
3.	Насибеков Кеңес Эрдибекович	Комиссия хатшысы
4.	Боданов Ерлан Тенизбаевич	Комиссия мүшесі
5.	Муханова Алия Муханбеткалиевна	Комиссия мүшесі
6.	Мүселімов Жәнібек Исабекұлы	Комиссия мүшесі
7.	Ыдырысова Молдир Сакенқызы	Комиссия мүшесі
Арал аудандық сайлау комиссиясының мүшелері		
1.	Загатов Нұрбек Нұртайұлы	Төраға
2.	Балманов Махамбетжан	Төраға орынбасары
3.	Сатекеева Лиза	Комиссия хатшысы
4.	Ізмағамбетов Байнұр Жомартұлы	Комиссия мүшесі
5.	Өзбергенов Әнуар Мырзабекұлы	Комиссия мүшесі
6.	Әбиева Ақжарқын Еңсепбайқызы	Комиссия мүшесі
7.	Тәжімбетова Гүлхамар Жұпанқызы	Комиссия мүшесі
Қазалы аудандық сайлау комиссиясының мүшелері		
1.	Жөлекешов Әділхан Оңдасынұлы	Төраға
2.	Иманбаев Қазі Кеңесбайұлы	Төраға орынбасары
3.	Әбубәкір Мұратбай Қожамұратұлы	Комиссия хатшысы
4.	Жалғасбай Жаппарберген Жаксығұлұлы	Комиссия мүшесі
5.	Жанбыршиева Хадиса Жамиевна	Комиссия мүшесі
6.	Алпысбаев Дархан Тулегенович	Комиссия мүшесі
7.	Токбаев Ербол Бауыржанович	Комиссия мүшесі
Қармақшы аудандық сайлау комиссиясының мүшелері		
1.	Наятұлы Марат	Төраға
2.	Бекенов Марат Сәдуақасұлы	Төраға орынбасары
3.	Бодыбаев Оңалбай	Комиссия хатшысы
4.	Жүсіпәлиев Бактыбай Аязбекұлы	Комиссия мүшесі
5.	Күлдүйісенов Әбдірахман	Комиссия мүшесі
6.	Құндақбаев Шегебай	Комиссия мүшесі
7.	Сүйембетов Шайкибек Шайхисламович	Комиссия мүшесі
Жалағаш аудандық сайлау комиссиясының мүшелері		
1.	Бекжанов Бауыржан	Төраға
2.	Бекмолдаев Өмірбек Қариұлы	Төраға орынбасары
3.	Қожақұлова Даша Нұрмұратқызы	Комиссия хатшысы
4.	Кенжегара Ержас Темірханұлы	Комиссия мүшесі
5.	Джанабегенов Мурат Кайнашев	Комиссия мүшесі
6.	Бектаева Ақбөпе Алмасқызы	Комиссия мүшесі
7.	Кулумбаева Асия Мырзабековна	Комиссия мүшесі
Сырдария аудандық сайлау комиссиясының мүшелері		
1.	Өтегенова Балшекер Сұлтанбековна	Төраға
2.	Құлмақов Берлан Оразбекұлы	Төраға орынбасары
3.	Шайлан Ермек Мұратбекұлы	Комиссия хатшысы
4.	АхетовЕрлан Дәуітбекұлы	Комиссия мүшесі
5.	ЕрімбетСәулеСұлтанқызы	Комиссия мүшесі
6.	Жанибеков Берик Съездович	Комиссия мүшесі
7.	ӘлшеревДосбол Қалмаханұлы	Комиссия мүшесі
Шиеді аудандық сайлау комиссиясының мүшелері		
1.	Дулатов Молдабай Оразбекұлы	Төраға
2.	Палымбет Найла Әбілқасымқызы	Төраға орынбасары
3.	Бурабаева Эльмира Базарбайқызы	Комиссия хатшысы
4.	Ермағамбетов Садық	Комиссия мүшесі
5.	Ахметов Әбдішәкі Ауланбергенұлы	Комиссия мүшесі
6.	Бупежанов Талгат Уалиханович	Комиссия мүшесі
7.	Кенжесариев Серик Кадрияевич	Комиссия мүшесі
Жаңақорған аудандық сайлау комиссиясының мүшелері		
1.	Ибрагимов Сұлтан Максұтович	Төраға
2.	Оспанов Мейрхан Мұхтарович	Төраға орынбасары
3.	Доспанбетов Баянбай Нақышбекович	Комиссия хатшысы
4.	Нарзулдаулы Қуаныш	Комиссия мүшесі
5.	Жәнібеков Ақылбек	Комиссия мүшесі
6.	Шаханова Айнагуль Керімбекқызы	Комиссия мүшесі
7.	Әнуарбек Бағлан Асқарұлы	Комиссия мүшесі



ҰЗАҚБАЙ ҚАРАМАНОВ – 85

Ұзақбай Қараманұлы – Қазақстанның өркендеп-дамуына өлшеусіз үлес қосқан тұлға. Ол 1937 жылдың 20 тамызында Арал ауданы Ұялы ауылында көпбалалы отбасында дүниеге келген.

1954 жылы Арал қаласындағы Т.Шевченко атындағы қазақ орта мектебін бітірген соң, сол жылы Ресейдің Куйбышев (Самара) қаласындағы А.Микоян атындағы инженерлік-құрылыс институтына оқуға түскен. Оны 1959 жылы «Өндірістік және азаматтық құрылыс» мамандығы бойынша тәмамдаған.

Ұзақбай Қарамановтың еңбек жолы облыстық автотресске қарасты автобазаның прорабынан басталып, Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің соңғы төрағасы және Тәуелсіз Қазақстан Республикасының тұңғыш премьер-министрі лауазымы дәрежесіне дейін жаласты.

Қазақстанның құрылыс саласын басқарып тұрған кезінде тек бір Алматының архитектуралық ансамбліне өзінің қайталанбас қолтаңбасын қалдырды. Атап айтқанда, «Көктөбедегі» телерадио

кешені, «Медеу» шатқалындағы тасқыннан қорғайтын бөгет, «Үлкен Алматы» каналын тарту, сондай-ақ қала ажарын аша түскен М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театры, «Қазақстан» қонақүйі сияқты қаланың орталық бөлігіндегі қайталанбас әсем ғимараттармен қатар, Қазақ КСР Халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесі, Алматы мақта-мата комбинаты сынды кешенді құрылыстарды тұрғызуға, шаһардың гүлденіп-көркеюіне біркідей атсалысты.

Ұзақбай Қараманов – мемлекеттік маңызды қызметтерді атқара жүріп, ғылымнан да қол үзбеді. Бірнеше ғылыми-зеттеу еңбектің, көптеген мақаланың авторы.

Ұзақбай Қараманұлы қоғамдық қызметпен қатар, отбасына тірек, балаларына құрметті әке, немере-шөберелеріне сүйікті ата бола білді. Арда азамат 2017 жылдың қыркүйек айында 80 жастан асқан шағында Алматы қаласында дүние салды.

Ұзақбай Қараманұлы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің бірнеше грамотасымен және «КСРО Мемжабдығының үздігі» төсбелгісі, II дәрежелі «Барыс», «Парасат» ордендері, «Еңбек ардагері», «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл», «Қазақстан Конституциясына 20 жыл» медальдары мен Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Алғыс хаты, «Халықаралық Аралды құтқару қорына 20 жыл» Алғыс хатымен марапатталған. Сонымен қатар «KAZGOR» жобалау академиясының академигі, ҚР Ұлттық инженерлік академиясының академигі, Қазақстан Республикасындағы қоршаған ортаны қорғау аясында атқарған белсенді қызметі үшін Еуропаның «Алтын глобус» жүлдесінің иегері, Халықаралық Еуразия экономикалық академиясының толық мүшесі, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің құрметті профессоры, Құрметті жерге орналастырушы, Алматы қаласының және Қазалы ауданының Құрметті азаматы.

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ТҰҢҒЫШ ҮКІМЕТ БАСШЫСЫ

Ел егемендікке қол жеткізгелі өз халқына ерекше еңбегі сіңген азаматтарды дәріптеп, олардың өнегелі өмірі мен ұлағатты істерін насихаттап, жастарға үлгі-өнеге ету жақсы дәстүрге айналып келеді. Бұл – өте жақсы дүние.

Иә, біз бұл жазбамыздың төркінін әріден бастамақпыз. Қолға қалам алғанмен, тәжірибелі журналист немесе шебер жазушы емеспіз. Өмір бойы бір жерден табан аудармай Қазалыда қызмет еткенмен, ел білетін, жұрт аса құрметтейтін ағалармен аралас-құралас болдық. Себебі, кеңес одағы ыдырап, жұрт дағдарған уақытта ат үстінен түспей, қиын кезеңде аудан басқаруға тура келді. Жалпы, бұл мақтаным емес, бірақ менің қызмет жолым басылым оқырмандарына өте жақсы таныс деп ойлаймын. Содан шығар, жоғарыда айтқандай, республика мен облыс төңірегінде қызмет еткен талай жігіттермен тіл табысып, Қазалы өңіріне оң көзқарас тастауына тырысуға тура келгені бар.

Биыл теңізді өлкенің түлегі, мемлекет қайраткері, Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Үкіметін басқарған, даңқты құрылысшы, марқұм Ұзақбай Қарамановтың 85 жылдығы. Осы ретте алдыңғы буын аға болып саналған азамат жайлы ақ паракқа түсіруді жөн көрдік.

Ағадан айырылған күн

Осыдан бес жыл бұрын көзі тірісінде Үзекеңнің 80 жылдық мерейтойы кеңінен аталып өтуі тиіс еді. Ол кезде облыс әкімі Қырымбек Елеуұлы. Астана қаласында, ұмытпасам тамыз айының ішінде ме екен, сол кісінің мерейтойына қатысып қайттым. Сол уақытта бірнеше басшы азаматтар, қоғам қайраткерлері ортамызда болғаны бар. Сыр бойынан да бірнеше адам барыппыз. Сонда сөз алған облыс басшысы Қырымбек Елеуұлы «Ағамыздың бұл тойы енді өз туған жері – Сыр бойында жалғасуы тиіс. Елде сізді күтіп отырған халқыңыз бар, аға. Бұл игі шара облыста да аталып өтіледі. Соған дайындалыңыз. Жылы күздің басы, қыркүйектің соңына қарай үйдегі апам екеуіңіз сол тойда билейтін боласыздар» деп дүйім жұртты серпілткені бар. Сондай уағда болып, Үзекем де келісім беріп, дайындық жұмыстары жүріп жатты.

Бірақ... Өлі есімде. Сол жылы қыркүйектің 25-не өз еліміздің азаматы, аймақта басшылық қызмет істеген мемлекет және қоғам қайраткері Ыдырыс Қалиев қайтыс болды. Қазақ болған соң көңіл айту – басты міндет. Жерлеу рәсімінде болды. Міне, содан шығып келе жатып, телефоныма қоңырау түсті. Серікжан Сейітжанұлы екен. Ол да – Үзекеңнің мен секілді жақсы көретін інілерінің бірі. Лезде телефонымды құлағым тоса қойдым.

– Сәке, бір жаман хабар бар, – деді ол.
– Аманшылық па?
– Ағамыздан айырылып қалдық қой.
– Қалай? Шошып кеттім. Өзі тосыннан хабар келсе, адам шіркіннің оған сенуі қиын ғой.
– Иә, Сәке, дәл қазір маған дәрігерлер звондады, – деп сөзін жалғай берді. – Бір сағат бола қоймады бұл жаман хабарды естігеніме...

Ол да, мен де іштей егіліп тұрдық.

Ұзақбай ағам 80 жасын тойлардың алдында Көкше-

таудың «Бурабайында» демалып қайтқаны бар. Содан қайтып, бірге келе жатқан көліктің шофері ұйықтап кетіпті. Әрі қарай белгілі ғой. Машина қарама-қарсы көлікке соғысады. Сау-тамтығы калмаған темір ішінен, Құдай оңдап, ағамыз бен апамыз аман қалғаны бар. Бірақ сол апаттан соң сынған сүйек пен әр жердегі дене жарақаты қалғаны анық. Бітуі қиындау жарақатқа дәрігерлер берген қорытындысымен шетелден кымбат дәрі де алдыртты. Президенттің іс басқармасы медициналық орталығының ауруханасына барып, әлгі дәріні салдыртайын деген ниетпен үйден өзі кеткен көрінеді. Ал апамыз үйде «Құдайы жолы» бермекші ниетпен, нан пісіріп, иіс шығарып қала берген. Сол уколды алып жатып, соның үстінде ауырмай-сырқамай жан тапсырыпты. Міне, «Ажал айтып келмейді» деген сөздің бір дәлелі осы болса керек.

Үзекең қайтқан соң мерейтойы өтпеді. Одан соң пандемия басталып, көп шараға тоқтау салуға да тура келді. Сол аралықта Арал қаласындағы №262 мектеп-гимназияға ағамыздың есімі беріліп, бірақ пандемия кесірінен Ұлдай апай келе алмай, бұл шараға бала-

сы мен келіні қатысты. Мен де барып, сол кезгі облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықовамен бірге білім ұясының алдына қойылған Ұзақбай Қараманұлының ескерткішін аштық. Бұл – екі жыл бұрын болған шара.

Биыл Үзекеңнің үйінде апамыз хабарласып, «ескерткішін көргісі келетінін, оған атсалысқан ағайынға алғысын білдіретінін» айтып, хабарласты. Мамыр айында Аралдағы ескерткішке барып, артынан ағамызға Құран оқытып, шаңырақта қонақ болып қайтты. Сондағы келгенінде облыс басшысы Нұрлыбек Машбекұлы апайды қабылдап, осы қыркүйек айының соңына Ұзақбай Қараманұлының 85 жылдығын атап өту туралы әңгімелескені бар. Содан бастап дайындық басталып кетті.

Мен қалай іні болдым?

Жоғарыда айтқандай, Үзекең қайтқан күнді естіген сәтте ойыма талай естелік келді. Егіле тұрып еске алдым. Шыны керек, қызметпен емес, ағалы-інілі болып араласқан соң ба, талай дүние ойыма оралды. Әрине, жақынындай болған жанның келместің кемесіне мінгенін есту тым

ауыр. Көп жақсылығы, ақыл-кеңесі пайдама жараған ағаны ұдайы ойлап жүру де заңды дүние емес пе?!

Ұзақбай Қараманұлы Қазақстанда алғашқы Үкіметбасы болды. Ол жалпақ қазаққа белгілі тұлға. Нұрсұлтан Әбішұлы Тәуелсіздіктің туын алғаш көтергенде жанында жүрді. Иә, сонау теңіз қолтығынан шығып, бүгінде орны да қалмаған «Ұялыдай» шағын балық колхозында туып, Самарадағы инженерлік институтты бітірген ол премьерлікке дейін де талай қызметті мүлтіксіз атқарғаны белгілі. Алғашқы еңбек жолын прораб болып бастап, кейіннен Қазақстан құрылысындағы барлық салада жетекшілік етті.

Мен ағаммен қалай таныстым? Қалай іні болдым? Бұл туыстық қатынас қалай басталды? Бұл 1992 жылы еді. Осы жылдың ақпан айында мен 12-ші шақырылған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болған, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің екінші хатшысы болып қызмет істеген Владислав Ануфриевтің орнына Арал, Қазалы, Байқоңыр жерінен халық қалаулысы болып сайландым. Әрі аудандағы №86 жылжымалы мехколлонияны бастығы едім. Бұл кезде ағамыз

Премьер-министр қызметінен кетіп, Президенттің кеңесшісі лауазымында жүрген кезі. Сонда алғаш кездестік.

Ол кісінің басшылығымен Арал экологиялық апат аймағын, халқын қолдау, қорғау заңын дайындауда бірге жұмыс істедік. Бұл тым күрделі құжат болды. Бұған сол кезгі облыс басшылығы мен әлеуметтік салаға жауапты азаматтар материал дайындап, біркідей атсалысты деуге болады. Ақыры 1993 жылы көктемде Жоғарғы Кеңестің сессиясына бұл заң ұсынылып, Үзекең сонда көлемді баяндама жасағаны бар. Ол кезде үлкен қаржыны талап етіп тұрған мұндай заңды қорғап шығу оңай емес. Арал қасіретінің тек бізге ғана емес, барлық өңірге де әсері барын айта отырып, сессиядағы барлық депутатқа соны дәлелдеп берді. Соны дауысқа салынып, Аралға қатысты, ондағы қиындыққа байланысты құжат қабылданып шықты. Міне, осыдан басталған арадағы байланыс ағамыздың дүниеден көштеріне дейін тоқтаған жоқ.

Сол жылдары Жоғарғы Кеңес мерзімінен бұрын таратылып, қасіби Парламент құру көзделді. Соның нәтижесінде 1994 жылы Үзекең біздің округ бойынша депутат әрі ҚР Жоғарғы Кеңесі табиғатты пайдалану және экология комитетінің төрағасы болып сайланды. Ал сол жылы сәуір айында мен Қазалы ауданының әкімі болып тағайындалдым. Ағаммен араласу тіпті күшейді. Елдегі әлеуметтік мәселеде үнемі пікір алмасып, сол кезгі құлдырау уақытындағы көптеген мәселелерді шешуде бірге тізе қосып, ойымыз бір жерден шығып, талай жоғарыдағы есіктерді бірге қағып жүргеніміз әлі есте.

Ұзақбай Қараманұлы бұдан кейін 1999 жылы Арал маңынан ҚР Парламенті Мәжілісінің екінші шақырылымының депутаты, аймақтық дамыту және экономикалық қайта құру комитетінің мүшесі болды. 2004 жылы қазан айынан 2007 жылға дейін ҚР Парламенті Мәжілісінің үшінші шақырылымының депутаты болып сайланды. Етжакын

болуымыздың арқасында мен ол кісінің сайлау штабын жүргізіп, ел арасындағы кездесулерін ұйымдастырып, барлық кезде жанынан табылып жүрдім. Барлығында да қос аудан – Арал мен Қазалы халқының мәселесін шешуде көп тіршілікке араласқанына куәміз. Әсіресе, сол кездері Нұрсұлтан Әбішұлына тікелей кіріп, экологиялық апат аймағы саналған Арал маңы халқының жалақысы мен демалысына пайдалануға берілді. Ол кезде бұндай қаржы көп таптыра бермейтін.

Үзекең жаратылысында барынша шыншыл болды. Екінші жағынан, ағамыз өте сауатты болды. Әр мәселені айту үшін жан-жақты зерделеп, әбден ойды пісіріп барып, шешім шығаратыны бар. Осы өңірде туып-өскеннен шығар, халықтық мәселеге келгенде талай игі ісін көрдік. Бір ғана мысал, біздің Қазалыдағы теміржол бойына қарасты аурухана перзентханасының біраз уақыттай құрылысы тоқтап қалғаны бар. Соны сол кезгі «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының басшысы Абылай Мырзахметовке тікелей жолығып, құрылысты тезірек бітіруге ықпал жасауын сұрады. 30 млн теңге бөлініп, перзентхана пайдалануға берілді. Ол кезде бұндай қаржы көп таптыра бермейтін.

Үзекең елге таза ауызсу тартуда көп еңбек сіңірді. Ол уақыттары Арал, Қазалы өңірінде сары ауру көбейген кез еді. Арнайы бағдарламамен жоба-сметалық құжаттары толық істеліп, таза ауызсу тұтынуға да қол жеткіздік. Ауру саяп тыйылды. Бұл мәселеде де Ұзақбай ағамыз Үкіметке кіріп, қаржы бөлдіруді сұрағанын көбі біле бермейді.

Иә, айта берсек, аға жайлы ізгі ой да, жақсы естелік те жетеді. Бастысы, ол өз еңбегімен оқуды тауысып, білім мен тәжірибе арқасында басшылық сатыда біртіндеп өрлеп, соның нәтижесін туған өлкесіне жұмсап кеткен ардақты азамат. 25 жыл араласыппын. Сондағы бір байқағаным, кісіге жақсылық жасау – оның нағыз мақсат-мұраты болғаны анық.

Естелігімнің соңында, тағы бір жақсы сөз еске түсті. Кезекті бір сайлау жиналысында елмен кездесіп тұрғанбыз. Сонда Қазалының ардақты азаматы болған Ботабай Рыстығұл ағамыз былай деп еді. «Біреу бар, күндердің күнінде керек, біреу бар, күнде керек. Үзекең бізге күнде керек, халқым! Бұл сайлауда Ұзақбай Қарамановқа мол сенім бар. Жағдайымызды жасап, тіршілігімізді түзеуге осындай қайыры көп адам керек» дегені бар.

Үзекең кеткенді 5 жыл өтті. Күнде керек ардақтымыз мәңгі есте қалады. Мына 85 жылдығындағы істеліп жатқан игі істер де соның бір парасы.

Самұрат ИМАНДОСОВ,
«РЗА» АҚ президенті,
«Құрмет» және «Парасат»
ордендерінің иегері





ҰЗАҚБАЙ ҚАРАМАНОВ – 85

Дара тұлға

Жерлесіміз, Қызылорда облысының тумасы, Қазақ КСР Министрлер кеңесінің соңғы төрағасы, Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Премьер-министрі Ұзақбай Қараманов ағамызбен етене араласуым ел Тәуелсіздігінің алғашқы жылдарынан басталды. Біз – Кеңес одағы кезінде жоғары білім алып, қызмет баспалдағынан өтіп, тәуелсіздік алғаннан кейін де ел басқарып, басшылық қызметте істеген ұрпақпыз. Сондықтан, бұрын Ұзақбай ағамызды Алматыдағы құрылыс мекемелерінің басшысы, белгілі құрылысшы есебінде жақсы білетін едік.

Кейін мен тәуелсіз Қазақстанның Қызылорда облысындағы алғашқы әкімшілік институты құрылған кезде облыстың тұңғыш әкімі Сейілбек Шаухамановтың бірінші орынбасары болып тағайындалдым. Сөйтіп, бес жыл сол кісімен бірге қызмет атқардым. Осы кезеңде қызмет бабында Ұзекемнен жиі араластық, жиі кездесіп тұрдық.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында облыс әкімінің тапсырмасымен өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының шұғыл шаралары жөніндегі Үкіметтің қаулысы шығарылатын болды. Оған сәйкес, әкімдікте арнайы комиссия құрылып, оны облыс әкімінің бірінші орынбасары – мен басқардым. Комиссия қаулының жобасын дайындады. Бұл уақытта Ұзекең ҚР Премьер-министрі қызметінен ауысып, Президенттің мемлекеттік кеңесшісі қызметіне тағайындалған. Қаулыға Премьер-министр Сергей Терешенко мырзаға қол қойдыру үшін сол кездегі астанамыз – Алматы қаласында аптапал жатып, Үкімет мүшелерінен келісім алуға тура келді. Әр Үкімет мүшесіне жеке барып, қаулының әрбір пунктін келісіп, оның тұжырымдамаларын, негіздемелерін айтып, көп жұмыс жасадық.

Қызылорда облысының көптеп шешілмей жүрген мәселелерін қамтитын қаулы 21 пункттен тұратын. Соның ішінде, қазіргі таңда ел игілігін көріп отырған, бүгінде медициналық орталық деп айтылып жүрген облыстық типтік жобабдағы аурухана құрылысын салу да болды. Сондай-ақ, облыстық диагностикалық орталық, сол кезде алғаш құрылған Қызылорда агроинженерлік институты ғимаратын, жатақханасын, оқытушы-профессорлық құрамға арналған тұрғын үй құрылысын жүргізу де қаулыға енгізілді. Облыстың басқа да әлеуметтік салаларында, білім саласында атқарылатын жұмыстар да осы қаулыда қамтылды. Жұрт жалақы, зейнетқақы, жәрдемақы ала алмай жатқан тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында мұндай бастамалардың қолға алынуы үлкен жұмыс болатын. Бюджет қаржысы тапшы болғандықтан, көптеген құрылыстарды Қызылордадан шығарылып жатқан мұнайдың есебінен жүргізу ұсынылды.

Осы қаулыға қол қойдыру үшін Ұзекең менімен бірге Үкімет мүшелеріне өзі телефон соғып, кейбіріне менімен бірге барып, келісуге көп жұмыс жасады. Ең соңында Семей облысына іссапармен ұшқалы тұрған жерінен Сергей Терешенко мырзаға Ұзекең өзі кабинетіне мені ертіп кіріп, қаулыға қол қойдырдық. Бұл Қызылорда облысының жанадан құрылған әкімшілігі, облыс әкімі мен оның қарамағындағы біздер үшін үлкен жеңіс болды. Қаулыға қол қойдырғанын естіген Сейілбек Шаухаманов мырза мен ұшақтан түскен бойда актив жиынын өткізіп, маған қаулының негізгі пункттері жөнінде баяндама жасапты. Сонда қаулының Қызыл-



орда облысының өсіп-өркендеуіне үлес қосатын тарихи құжат болғанын баяндаған болатынмын.

Кейін «Арал тағдыры – адамзат тағдыры» деген атпен тәуелсіздік алған жылдары Арал проблемасы жоғары деңгейде көтерілді. Нәтижесінде Қызылорда қаласында 1991 жылы қараша айында Орта Азияның 5 мемлекетінің президенттері, Ресей Федерациясының өкілі қатысқан бірінші Арал проблемалары жөніндегі халықаралық конференция өтті. Осы конференцияның өткізу жөніндегі жұмысшы тобын басқару облыс әкімінің бірінші орынбасары маған жүктелді. Ол кезде Ұзекең мемлекеттік кеңесші қызметін атқаратын және экологиялық мәселелермен шұғылданатын. Сондықтан конференцияның өтуіне Президент аппаратынан Ұзекең тікелей басшылық жасап, менімен бірге конференцияның өз дәрежесінде өтуіне үлкен үлес қосты.

Қызылордада бес президенттің қолы қойылған Халықаралық Аралды құтқару қоры, қордың атқарушы дирекциясы құрылды. Қор Орта Азия мемлекеттеріне көшіп жүретін болып белгіленді. Алғаш Аралды құтқару қорының президенті болып сол кездегі Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев, атқарушы директоры болып Ұзақбай Қараманов ағамыз сайланды. Міне, содан бастап Арал проблемасына байланысты көптеген жұмыстарды Ұзекеңмен бірге атқардық. Сол бірінші халықаралық конференция қаулысына сәйкес Жер шарындағы бүкіл ел президенттеріне, корольдарға, ел басшыларына, премьер-министрлерге хат жолданды. Арал проблемасы ол – тек Қазақстанның, Орта Азияның проблемасы емес, тұтас Жер шарының проблемасы. Арал тағдыры адамзат тағдыры деген мазмұндағы хат жолданып, Халықаралық Аралды құтқару қорына өркениетті елдердің барлығы үлес қосуға шақырылды.

Міне, осы тарихи кезеңде Ұзекең өзінің іскерлік біліктілігін, Арал проблемасын жетік білетін азамат екенін танытты. Кейін бір жыл өткен соң Қызылорда облысы үшін үлкен тарихи заң – Арал өңірінің қасірет-зардабын шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау жөніндегі заң дүниеге келді. Бұл заңның да жобасы Қызылорда облысының әкімдігінде жасалып, ол жөніндегі жұмысшы тобын басқардым. Сөйтіп заңды ҚР Ғылым академиясының ғалымдарымен келісу жөнінде ұсыныстар болды. Осы арада айта кететін мәселе, заңды академияның отырысында баяндама жасап, талқылауға келгенде менен сол кездегі академик, медицина ғылымдарының докторы Сайын Балмұқанов ағамыз: «Мына заң жобасын қалай ұсыныңн келіп отыр?» деп сұрады.

Мен «Қызылорда облысын қасірет аймағы, дағдарыс аймағы

және дағдарыс алдындағы аймақ деп үш аймаққа бөліп отырмыз» деп баяндадым. Сонда ол кісі: «Бұл дұрыс, Арал – тек Қызылорда облысының емес, бүкіл Қазақстанның проблемасы. Мысалы, мен сізге дәрігер есебінде айтайын, егер шынтағым ауырып тұр десеніз, шынтағыңызды ота жасап кесіп тастайды да, қалған саусақтармен жұмыс істей бер дейді. Ал, бүкіл қолым қақсап тұр десеніз, бүкіл қолды емдеуге кіріседі. Сондықтан қасірет аймағына Арал, Қазалы аудандарымен бірге көршілес Ақтөбе облысының Шалқар ауданын кіргізіңіз. Дағдарыс аймағына Қызылорда облысының басқа аймақтарын, ал дағдарыс алдындағы аймаққа Жезқазған облысының Жезді ауданын, Шымкент облысының Шардара, Қызылқум аудандарын кіргізеніз, осы өңірден сайланған депутаттар жан жобасын тез қолдап, өткізуге үлкен мүмкіндік жасайды» делі.

Шынында да, академик ағамыздың айтқаны келіп, заңның ауқымын кеңейттік. Заң 1992 жылы 30 маусымда Парламентте көп кедергісіз өтті. Қазір осы заңның игілігін Қызылорда облысының халқы түгел көріп отыр. Алғашқы кезде заңда көптеген баптар болды. Тіпті, облыстағы екіқабат әйелдер босанам дегенше Қазақстанның экологиялық жағдайы жақсы Көкшетау сияқты облыстарына барып босанып, баласы қырқынан шыққанша сонда емделуі, олардың бару-қайту, емделу шығындары мемлекет есебінен төленетін болды. Тіс протездеу де мемлекет есебінен болды. Қалалардағы қоғамдық көліктерде тегін жүру секілді баптар да болды. Әрине, кейін бұлардың бәрі нарықтық экономика талаптарына сәйкес қысқарып қалды. Бірақ Қызылорда облысы тұрғындары үшін ең керек үш бап әлі сақталып келеді. Ол – Арал, Қазалы аудандары үшін жалақыға қосылатын 50, қалған аудандар үшін 30 процент коэффициент, еңбек демалысына шыққанда берілетін бір ай көлеміндегі жәрдемақы, Арал ауданы тұрғындары үшін 21 күн, өзге аудандар үшін 14 күн қосымша еңбек демалысы. Қазірге дейін жыл сайын миллиардтаған теңге осы заңды орындау үшін бөлініп келеді.

Заңның өмірге келуіне де сол кездегі Халықаралық Аралды құтқару қорының атқарушы директоры есебінде Ұзекеңнің көп көмегі тиді. Кейін мен тағдыр жазып Арал ауданына әкім болып тағайындалып, 10 жыл қызмет атқардым. Ол кезде Ұзекең Арал, Қазалы, Қармақшы аудандарынан сайланған Мәжіліс депутаты болатын. Мен Аралға келгенде екінші мәрте Мәжіліс депутаттығына қайта түсті. Сол кезде біз аудандағы еңбеккерлердің, аудан тұрғындарының барлық назарын Парламентте Арал заңын өмірге әкелген, Арал проблемасын жетік білетін осы елдің тумасы Ұзекеңнің отырғаны елге, халыққа үлкен пайда әкелетінін түсіндіріп бақтық. Сайлау демо-

кратиялық негізде, айтыс-тартыспен өтті. Дегенмен, Ұзекең халықтың сеніміне ие болып, депутаттыққа сайланды.

Содан бері Арал проблемасы, Арал ауданының мәселелерін шешуге Ұзақбай ағамыз көп көмегін тигізді. Менің Аралға келгеннен кейін көтерген негізгі мәселем – мектептердің жағдайы болды. Ауданда мектептер жағдайы сын көтермейтін еді. 50 мектептің 7-уі ғана типтік жобабда, қалғаны қамыстан, кірпіштен салынған, бейімделген ғимараттарда орналасқан болатын. Сондықтан жылына 3-4 мектеп салу, олардың екеуінің құрылысын республикалық бюджеттен, қалғанын облыстық, аудандық бюджет есебінен жүргізу жөнінде бастама көтердік. Аудан мектептерін типтік жобабда көшіру бойынша көптеген жұмыс атқарылды. Көпшілігі типтік жобабда көшті. Сол сияқты облыстағы қала статусын алған бірден-бір аудан орталығы – Арал қаласында типтік жобабдағы мәдениет үйі, стадион мен спорттық сауықтыру кешені, диагностикалық емхана жоқ еді. Осы үш құрылыстың жоба-сметалық құжаттарын жасап, республикалық бюджеттен қаржыландыруға көп жұмыс жасадық.

Бұл жұмыстарға Ұзекең бастаған облысымыздан сайланған Мәжіліс, Сенат депутаттары үлкен үлес қосты. Қазір бұл үш ғимарат та халыққа қызмет көрсетіп отыр. Ұзекең осы депутат кезінде елмен тікелей араласып, халықпен әрбір кездесуінде елдің мәселесін ықыласпен тыңдайтын. Оны шешу жолдарын жете зерттеп, нақты шаралар көретін.

Зейнетке шыққаннан кейін де Ұзекеңмен аға-іні болып көп араластық. Ағамыздың 60 жылдығын, 70, 80 жылдық мерейтойларын атап оту шараларының да басы-қасында болдық.

Биыл туғанына 85 жас толып отырған Ұзақбай ағамыз – Қызылорда облысының ғана емес, барша қазақтың дара тұлғасы. Еліміздің өсіп-өркендеуіне үлес қосқан қайраткер. Сонымен бірге, азамат есебінде, адам есебінде өзін таныған әрбір жанның есінде мәңгі сақталатын тұлға. Барлық кезеңде Ұзекең бастаған істерді оның ізбасар інілері жалғастырып келеді. Президент Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамасымен Жана Қазақстанды құруда Сыр өңірінің халқы, азаматтары еңбек етіп жатыр. Солардың мәртебесі биік, мерейі үстем болсын деп тілейміз.

Нәжмәдин МҰСАБАЕВ,
қоғам қайраткері,
Арал, Қазалы,
Жанакорған
аудандарының және
Қызылорда қаласының
күрметті азаматы,
ҚР Күрметті
құрылысшысы,
ҚР Балық
шаруашылығына еңбегі
сиген қызметкер

Иә, Ұзақбай Қараманов. Ол біздің жерлесіміз, мақтан тұтар азаматымыз. Теңіз жағалауындағы шағын балықшы ауылдың бастауыш және жетіжылдық мектептерінде оқып, содан кейін қаладағы №13-ші қазақ орта мектебінен аттестат алады да Ресейдің сонау Куйбышев қаласына тартып отырады.

Кісіліктің керемет үлгісі



Бұрын ондай ірі мегополисті көрмеген және орыс тіліне шорқақ. Не деген көзсіздік, не деген батылдық! Бақсақ, таланты мен отты жігері солай қарай айдаған екен ғой! О жақтан инженер-құрылысшы дипломымен оралады. «Қызылорда құрылыс тресінің» Аралдағы механикаландырылған колоннасын басқарды. Мұндағы жұмысшы-қызметкерлер саны үш жүзден асатын-ды. Олардың бір шамасы жер аударылып келгендер еді. Қунара полицияға түсіп жататын бұзақылар-тұғын. Ал менің қызметім аудандық «Социалистік Арал» газетінің өндіріс, құрылыс және транспорт бөлімінің меңгерушілігі еді.

Бұл 1961 жылдың жаз айы еді. Қызметіме сәйкес сол тұста трубасы тартылып жатқан «Арал-Аманөткел» аралығында жиі болып, Ұзақбай ініммен кездесіп тұратынмын. Сырдарияның «Аманөткел» белдеуінен Аралға ауызсу келтірілмек. Қашықтық – жүз шақырым. Кілең көлемі бір метрлік темір трубаулар. Сондай-ақ екіқабатты тұрғын үйлер де бой көтеріп жатты. (Олар әлі де бар) Алпыс жылдан асса да сыр берер емес. Сонда Ұ.Қараманов 24 жаста екен-ау! Ұстараның жүзіндей лыпып тұр. Көздерінен от шаады. Көбіне құрылыс басында жүреді. Бұзақы жұмысшының бірі аванс сұрай келеді. Тексертсе ешқандай табыс жоқ. Жұмысқа шықпаған. Арақ ішіп жатып алған. Есіктен шыға бере Қарамановқа зілдей сия сауытты лақтырады. Ұзақбай да қала көрген студент емес пе?! Төмен бұғып қалады. Сол сия сауыттың ізі кабинеттің қабырғасында жиырма жылға дейін өшірілмей тұрды. Сірә, ескерткіш ретінде тұра берсін деген болар.

Аудандық партия комитетінің бюро мәжілісіне редактор немесе орынбасары шақырылады. Бірде менің қатысуыма тура келді. Өйткені, күн тәртібінде құрылыс мәселесі екен. Жылдың аяқ кезі болатын. Бюро басталып кеткесін Ұзақбай келді. Үстіңде жұмыс киімі. Керзі етігі балшық.

Бірінші хатыш: – Бұл не жүріс, отыр, – деді қатқыл үнмен.

– Құрылыстың басында едім, хабарды әлгіде ғана алдым. Үй жабық. Келіншегім іссапарда, малды ауылды аралап жүр, – деді. (Жұбайы Ұлдай фелдшер болатын-ды).

– Анау екі тұрғын үйді тапсыр, жыл аяқталып қалды, – деді бюро мүшелерінің бірі.

– Жо-қ, тапсыра алмаймын, – деді Ұзақбай орнынан тұрып, – тапсыру мерзімі келген жоқ, пайдалануға уақытында берілді. Төбесі жабылмаған. Есік-терезесі қондырылмаған үйді кім қабылдайды? – Қабылдайды! – Ал мен ондай қылмысқа бара алмаймын. Сураққа жауабым осы, – деді өжеттеніп.

– Ұзақбай Қараманов Алматыға ауысты. Ірі-ірі құрылыс компанияларын басқарды.

Туған жері одан хабар алып, жақсы ісіне қуанды. Тілектес болды. Ол енді ұзақ әңгіме. Ұ.Қараманов үкімет басына өте ауыр кезеңде келді. 1990 жылға қарай қайта құру реформасы қара жерге шығып қалған кемедей қайырылап, кеңес одағының экономикасы күйреп жатты. Қараманов күн-түн демей Мәскеу мен Алматы арасында шапқылап, өндірістің тынысын тоқтатпауға күш салды. Одақтық бағыныстағы кәсіпорындарды Қазақстанның қолына алуға ұмтылыс жасады. Ол кезде республика экономикасының 95 пайызы Мәскеуге есеп беретінді. Бізге тек жеңіл өнеркәсіпті қалдырған. Не деген зорлық! Зауыттар мен комбинаттарды республиканың басқаруына

алу мен салық төлету үшін талай айқасты. Тіпті азу көрсетуге дейін барды. Ұзекең қызметті министрлер кеңесінің төрағасы деген лауазыммен бастап, 1991 жылдың күзінде оның мәртебесін Премьер-министрге ауыстырды. Сөйтіп жерлесіміз, аралдық Қараманов Қазақстан Республикасының Тұңғыш Премьер-министрі болды. Осындай аса жауапты лауазымға көп ішінен балықшы баласының таңдалғаны ел тарихында алтын әріппен жазылар ақиқат. Үкімет басшысы ретінде халыққа қызметін айтпағанда, Ұзекеңнің кісілігінің өзі көпке үлгі еді. Оны мен Қарамановтың Парламент депутаттығына үміткер болып халықпен кездесулерінде көзім жетті. Мен Ұзекеңнің сенімді өкілі болып елді мекендерді көп араладық. Бойында тәкаппарлық, менмен-су жоқ. Барыныша қарапайым. Екі тілге бірдей. Кіммен болса да еркін сөйлеседі. Адалдығы да адам танғаларлықтай болатын. Құрылыс саласын басқара жүріп, отбасының басына жайын ойламаған ғой. Со-сын да Ұлдай зайыбы жоғары басшылардың есігін қағуға мәжбүр болыпты. Шөмішбай ақынның:

– Жайдары мінезіңіз, карапайым,
Ерекше сезімтал ой, сана, пайым.

Қазақтың өзіңіздей қамқоршысын,
Ардақтап, арқа тұтар бар ағайын.

Даладай дана, дархан пейіліңіз,
Көктемдей құйылып тұр мейіріңіз,

Тап сіздей үлкен болып туғанменен

Тап Сіздей кіші емес кей ініңіз, – деп Ұзекеңді жырға қосуды бекер емес.

Ұзекең халықаралық Арал қорына басшылық еткен кезінде де үлкен істер тындырды. Ақын ақын Кәкімбек Салықов Ұ.Қарамановқа арнап жазған «Арал үшін аяқасқан» деген шығармасының қайырмасында:

– Қиял болып көрінген,
Қызық тапсам өмірден.
Арал үшін аяқасқан,
Достар кетпес көңілден.

Сағындырды Аралдың кешкі лебі,
Бетпақ-дала беймаза көшті желі,

Құмда қалған кемелей құлазымын,
Қайдасыңдар, кең жалған естілері,

– деп жар салыпты.

Иә, қайран теңіз! Кім сағынбаған, ол үшін кім қайғырмаған!

Арал қаласындағы іргелі білім ордасының бірі №262 мектеп-гимназияға Ұ.Қарамановтың есімі берілді. Ол 2009 жылы Республикалық №262-мектеп-гимназия 34 миллион теңге қаржыны жеңіп алды.

Бұл аймағымызда Ұ.Қарамановтың 85 жылдығын атап өту іс-шарасымен тұтас келгені елді сүйсіндірді.

Шәкірат
ДӨРМАҒАМБЕТҮЛЫ
«Арал ауданының күрметі азаматы»
Арал қаласы

МЕНІҢ ӘКЕМ

Бала кезімізде әкемді үйде сирек көретінбіз. Қашан да жұмыста жүретін. Әкемнің көңіл-күйін көзінен ұғатын едік. Кейбір іс-әрекетіміз ұнамай тұрғанын бір қараған көзқарасымен-ақ ұқтыратын. Ал дүниеде ең баға жетпес сәт – ол әкемің мейірімге толы күлімдеген көзі. Сол сәт бүкіл ғалам есігін саған айкара ашып тұрғандай ғажайып кез болатын. Әкем сөздің емес, істің адамы болғандықтан өте аз сөйлейтін, бос сөзді көп жақтыра бермейтін.

Ол кісінің алдына әбден ойла-нып, бір нақты шешіммен баруға тырысатынбыз. Дастархан басында да отыру тәртібі болатын. Отбасының барлық мүшесі әрқайсысы өзіне бекітілген орында отыруы тиіс. Оқу орнын бітірген соң ұлым дипломын ата-сына қуана алып келді. Дипломын ұстап отыртып:

– Бұл өзіңнің неше жылғы оқуыңның жемісі, енді осы

құжатыңмен еңбек етіп, тер төгіп, мықты маман болу міндетің, – дегені есімде.

Сырт көзге қатал болып көрінгенмен, әкемің жүрегі мейірімге толы болатын. Әр мереке сайын уақыт тауып, ағайын-туыс, дос-жарандарын шақырып, ақ дастарханда бас қосып, жарқырап отырғанды ұнататын. Ол да бір бауырмал болып, сый-

ласып жүрудің үлкен тәрбиесі екен ғой. Ағайын-туыстың басына түскен ауырталықты қайыспай, сыртқа білдірмей өзі көтерді. Ал немереге келгенде өте мейірімді ата еді. Демалыс күнінде әдейілеп немерелерін ертіп шығып, сол кездегі «Балалар әлемі» дүкенінен қалаған ойыншықтарын әперіп, оған өзі де баладай мээ болып, қуанатын.

Дара кісінің қасында дана адам болу керек болса, менің анам сондай жан бола білді. Жұмысына қатты берілген күйеуінің қарны тоқ, киімі бүтін, көңіл-күйі орнықты болып жүруі – бәрі ананың арқасы.

Әкемнің еңбек жолы – көпке үлгі болар даңғыл жол. Ол туралы замандастары мен үзгенілері: «Білмегенім терең

білуге құштар, қай істің де түбіне терең үңілетін, аспайтын, саспайтын, жер қозғалса қозғалмайтын, сабырлы, салмақты, артық сөзі жоқ кісі еді», деп бағалайды. Бұл Сыр перзентінің өмір жолына, қызметі мен еңбегіне берілген халықтық баға деп ойлаймын.

Әкеге деген сағыныш тау-сыла ма, биыл әкемің өмірден өткеніне көзді ашып-жұмғанша 5 жыл өте шығыпты. «Жақсы әкеңіз аты, баласына қырық жыл азық» деген даналықтың растығына көз жеткізіп келемін. Мәңгілікке жүрегімізге орныққан бейнесі жыл санап асқақтап, биіктей түсуде. Жүрегім сағыныштың ыстық жасына булығып-ақ тұр...

Жанат ҚАРАМАНОВА

ЕРТЕҢ – ӘДІЛЕТ ОРГАНДАРЫ КҮНІ

Кез келген мемлекет өмірдің барлық қоғамдық салаларында, адамдар арасындағы өзара қарым-қатынастарда тәртіп пен сақтықты орнатуға мүдделі. Онсыз қоғамның дамуы, экономиканың, мәдениеттің көтерілуі және бұқара қауіпсіздігінің артуы мүмкін емес.

Заң үстемдігі – заман талабы

Заңдылық пен тәртіптің үстем етуі саласында әділет органдарының алатын орны ерекше. Мемлекет пен қоғам өмірінде өте маңызды рөл атқаратын орган қызметінің басымдығы – адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету, қазақстандық қоғам мен мемлекеттің тұрақты және үдемелі дамуын қамтамасыз етуге бағытталған ұлттық заңдарды қалыптастыруға қатысу.

Әділет органдары Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы құрылған сәттен бастап, тәуелсіздік туын көтерген бүгінгі күнге дейін құқықтық мемлекетке жүктелетін міндеттерін абыроймен атқарып келеді.

Тарихы тереңде жатқан әділет органы 1919 жылы құрылды. Осы жылдар ішінде ел өміріндегі аса елеулі тарихи оқиғалардың бел ортасында болып, саяси, құқықтық және әлеуметтік-экономикалық өмірдегі күрделі өзгерістерге атсалысуда.

Тарихқа көз жүгіртсек, әділет органы 1920 жылы Әділет халық комиссариаты ретінде құрылып, 1946 жылы Қазақ КСР Әділет министрлігі болып қайта аталды. 1960 жылы таратылып,

1970 жылдың 25 қыркүйегінде қайта құрылды.

Қазақстанның Тәуелсіздік алуымен әділет органдары үшін жаңа кезең басталды. Егеменді Қазақстанның алғашқы заңдарының қабылдануы мен атқарушы биліктің бөлінуіне байланысты сот билігінің заң жолымен белгіленуіне алғашқы қадам жасалды. Әділет министрлігі және оның органдары түбірімен өзгеріп, жаңа сипатқа ие болды. Өзінің сан қырлы қызметінің арқасында егеменді мемлекеттің құқықтық саясатын жүзеге асыру ісіне үлес қосып келеді. Бағдарланған міндеттер негізінде еліміздің әділет органдары жаңа кезең талабына орай мемлекеттік құқықтық реформаны қалыптастырып, жүйелі жұмысын дамыта түсті. Министрлік – басшылықты, сондай-ақ заңнамада көзделген шектерде оның құзіретіне жатқызылған қызмет саласындағы салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ҚР орталық атқарушы органы.

Әділет органының негізгі міндеті – мемлекет қызметін құқықтық қамтамасыз ету, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауа-



зымды адамдар мен азаматтардың жұмысында заңдылық режимін қолдау, азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау. Ал, заң шығару бастамасы құқығын жүзеге асыруда министрлік маңызды рөл атқарып келеді. Қай уақытта да заң жобасын жасау қызметі министрліктің аса маңызды міндеттерінің бірі болып қала бермек.

Барлық кезде республиканың әділет органдары өз заманына лайықты болды және өз қызметінде заң актілерін әзірлеу, заңдарды жүйелеу, заңдар жинағын әзірлеу мен шығару саласындағы қиын міндеттерді шешті. Оны басқарған тұлғалар кәсіби жағынан аса білікті

заңгер, адал әрі ел сенімін ақтаған жандар болды. Осындай тұлғалардың еңбегінің арқасында әділет органдары бүгінгі күні мемлекетіміздің құқықтық даму жолына зор үлесін қосып, халықаралық аренадағы Қазақстанның лайықты орнын табуына атсалысып келеді. Министрлікті басқарған Зағипа Балиева, Рашид Түсіпбеков, Берік Имашев, Марат Бекетаев халқымыздың біртуар азаматтары ретінде бүгінгі күні де еліміздің құқықтық дамуына үлестерін қосып келеді. Бұл азаматтардың барлығы – Қазақстан Республикасының әділет органдары жүйесінің сапалы жұмыс істеуі мен жетілуіне үлкен еңбек сіңірген тәжірибелі заңгерлер.

Министрліктің кейінгі жылдардағы бүкіл қызметі құқықтық мемлекетті қалыптастыруға бағытталған. Әсіресе, Қазақстан Республикасының ең қымбат қазынасы – адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылатын демократиялық, зайырлы, әлеуметтік, құқықтық мемлекет ретінде орнықтыру жолына түскен тәуелсіздік жылдарында қосқан үлесі ұшан-теңіз.

Облыстың әділет органдары Әділет министрлігінің бағынышты мекемесі ретінде, өзіндік міндеттері мен мақсаттарын жүйелі іске асырып келеді. 1939 жылы құрылған әділет бөлімі, басқарма, одан кейін департамент мәртебесіне ие болды. 1970 жылы облыстық әділет басқармасын өз заманының білікті заңгері Қанат Халиоллаұлы Бұтабаев 14 жыл бойы басқарды. Одан кейінгі 4 жылдық басшылықта Әуез Қаженов болса, 1988 жылдан 1997 жылға дейін басқарма бастығы Владимир Михайлович Борисов бол-

ды. Одан кейін, әділет басқармасын Тілектес Сейітов, Тілепберген Нәбиев, Бақытжан Қалымбетов, Айтбай Әлібаев, Бақытбек Ергалиев (осы тұста әділет басқармасы әділет департаменті болып қайта құрылды), Балаим Кесебаева, Қалдыбек Сапаров басқарды.

Сыр бойында туып-өсіп, бірнеше буынға басшылық жасаған, облыстық әділет басқармасы бастығының бірінші орынбасары болып он екі жыл қызмет атқарған Жақсылық Аяпбергенов сынды ардагердің өмір жолы ұрпаққа үлгі. Сонымен қатар, реформа кезеңінде әділет департаментін жеті жыл бойы басқарған Бақытбек Ергалиевтың, ұзақ жылдар бойы департамент басшысының орынбасары болып қызмет жасаған Тастыбай Лесеровтың қызметтік ерекшеліктері ұмытылмақ емес. Айта берсек осынау ғасырға жуық уақыт ішінде бұл жүйеде талай ұрпақ алмасып, сан түрлі реформалар жаңаланып, заман талабының тұрғысында жұмыс істеп келеді.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев халықтың әл-ауқаты, құқықтары мен бостандықтары тұрасында аз айтып жүрген жоқ. «Елімізде заң үстемдік етуі тиіс. Заң алдында билік өкілдері де, азаматтар да бірдей» деген тұжырым мемлекеттің өсіп-өркендеуіндегі басты қадам екенін ұғындырғандай.

Әділет органдарының барлық қызметкерлері осы бағытта – Қазақстанның дамуы жолында, игілігі үшін одан әрі өз күш-жігерін, білімі мен біліктілігін аямай жұмсай бермек.

Ирина БӘКІШЕВА,
облыстық әділет департаментінің басшысы

Қоғамдық тыңдау: Жаңа әуежай жобасы қолдау тапты

Тыңдауға облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы басшының орынбасары Қайрат Жансұлтанұлы төрағалық етті. Терминал құрылысының жобасын «Accent development solutions» ЖШС өкілі Әсет Атабаев таныстырды.

Жобаның құны шамамен 25 миллион АҚШ долларын құрайды. Құрылыс аяқталғаннан кейін нысан қаланың коммуналдық меншігіне тегін беріледі. Әсет Атабаевтың айтуынша, құрылыс жұмыстарын 2023 жылдың ақпанында бастау жоспарлануда. Ал, жаңа терминал 2024 жылдың қыркүйегінде алғашқы жолаушыларды қабылдай алады.

– Жаңа терминал құрылысы кезінде уақытша 600-ден астам жұмыс орны, іске қосылғаннан кейін 64 тұрақты жұмыс орны ашылады. Жаңа терминалда жайлылық қамтамасыз етіледі. Өткізу қабілеті – сағатына 250 жолаушы. Жаңа әуежай терминалы үздік халықаралық тәжірибеге сай болады және бүкіл өңірдің дамуына серпін береді. Шыныдан жасалған витражды қасбеттері бар екіқабатты терминалдың жалпы ауданы 7500 шаршы метрді құрайды.

тылған жолаушылар әуежайының жобасы Халықаралық әуе көлігі қауымдастығының (IATA) және Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ICAO) өзекті стандарттарына сәйкес келеді. Оның авторы – Нидерланд, Ресей, Түркия және Парсы шығанағы елдеріндегі әуежайларды жобалауда 20 жылдық тәжірибесі бар «GMW Mimarlic» түрік жобалық компаниясы.

Қоғамдық тыңдауды өткізу мақсаты қоғам талғамын анықтау және олардың әсер етуді бағалау үдерісін есепке алу еді. Тыңдауда пайдалану кезінде атмосферааны ластайтын заттардың шығарындылары туралы, атмосфералық ауаға және топырақ, су бассейндеріне жағымсыз әсері туралы мәселелер қаралды. Жобаланған нысанның қоршаған ортаға әсері туралы «ИнТех» компаниясының өкілі Самал Мұқанова баяндады.

– Жаңа терминал құрылысы мен пайдалану кезеңінде қоршаған ортада қайтымсыз теріс өзгерістерге жол берілмейді, – деді ол.

Қоғамдық тыңдауда әуежай ардагерлері кеңесінің төрағасы, «Қорқыт Ата» әуежайы» АҚ директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз



Терминалда телескопиялық өтпе жол, эскалаторлар мен лифтер, жүктерді тапсыру мен өңдеудің автоматтандырылған жүйесі, транзиттік жолаушыларға арналған зал, СІР залы қарастырылған. Жаңа ғимаратта өзін-өзі тіркеу пункттері, Duty Free аймағы, сондай-ақ шекара және кеден қызметтері, фитосанитарлық және ветеринария, санитарлық-эпидемиологиялық бақылау қызметкерлері мен желілік полиция бөлімшелері үшін мамандандырылған орындар ашылады, – деді ол.

Сондай-ақ, құрылыста халықаралық брендтердің жабдықтары, технологиялары және жобалық материалдары пайдаланылады. Жаңар-

директор Уалихан Әшеков «Болат Өтемұратов қорының» Сыр өңіріндегі бірқатар әлеуметтік жобалар мен маңызды бастамаларға қолдау білдіріп, халықтың әлауқатын арттыруына қосқан еңбегін атап өтіп, алғысын жеткізді. Сондай-ақ, жаңа терминалдың қызылордалықтар үшін маңызы мен қажеттілігі туралы айтып, құрылыс жұмыстарына сәттілік тіледі.

Дауыс беру қорытындылары бойынша қоғамдық тыңдау болды деп танылды. Ал, жоба қауымнан қолдау тапты. Бұдан әрі құжаттама қолданыстағы заңнамаға сәйкес құзырлы органдарға келісуге жіберіледі.

«СБ» ақпарат

1-бет

Қызылорда облысы әкімдігінің 2022 жылғы 13 қыркүйектегі №630 қаулысы

Қызылорда облысы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қызылорда облысы әкімдігінің кейбір қаулыларына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 24 тамыздағы №561 «Қызылорда облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы» коммуналдық мекемесінің Ережесін бекіту туралы» қаулысына келесі толықтырулар енгізілсін: көрсетілген қаулымен бекітілген «Қызылорда облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы» коммуналдық мекеметтік мекемесінің ережесінде:

15-тармақ келесі мазмұндағы 62-1), 62-2), 62-3), 62-4) тармақшалармен толықтырылсын:

«62-1) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының ішкі нарығына сұйытылған мұнай газын беру жоспары шеңберінде өткізілетін сұйытылған мұнай газы айналымына бақылауды жүзеге асырады; 62-2) сұйытылған мұнай газын беруге жиынтық өтімдімдерді қалыптастыру жөніндегі комиссияны құрады;

62-3) «Газ және газбен жабдықтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес айқындалған уәкілетті органға (бұдан әрі – газ және газбен жабдықтау саласындағы уәкілетті орган) облыстың аумағына сұйытылған мұнай газын беруге жиынтық өтімдімдерді қалыптастырады және уәкілетті органға жібереді;

62-4) газ және газбен жабдықтау саласындағы уәкілетті органға: облыстың аумағында

сұйытылған мұнай газын тұтыну болжамын; облыстың аумағында сұйытылған мұнай газын өткізу және тұтыну жөніндегі мәліметтерді;

облыстың аумағында сұйытылған мұнай газының көтерме және бөлшек сауда бағалары жөніндегі мәліметтерді;

облыстың аумағында сұйытылған мұнай газын тұтынудың алдағы күнтізбелік жылға арналған болжамын жыл сайын ұсынады.».

2) Қызылорда облысы әкімдігінің 2018 жылғы 27 наурыздағы №1078 «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» коммуналдық мекеметтік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген «Қызылорда

облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» коммуналдық мекеметтік мекемесінің ережесінде:

15-тармақтан 22), 23), 24), 26), 27), 30), 31) тармақшалары алынып тасталсын.

2. «Қызылорда облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы» және «Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» коммуналдық мекеметтік мекемелері осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің бірінші орынбасары С.С.Қожаниязовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі Н.Нәлібаев

«Болашақ» университеті

Академиялық мәселелер және ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор лауазымына конкурс жариялайды.

Қойылатын талаптар: ғылыми немесе академиялық дәрежесінің болуы, академиялық қызметті реттейтін ҚР БҒМ нормативтік-құқықтық актілерін білуі.

Өтінімдер мен құжаттарды тапсыру мерзімі: 11 қазан 2022ж сағат 17:00-ге дейін.

Конкурсқа қатысушы біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты ұсына алады.

Түйіндемелені **bolashak_5@mail.ru, Bolashak_5@bolashak-edu.kz** электронды поchtасына жолдауға, қосымша ақпаратты 8-777-330-80-59 телефоны арқылы алуға болады.

Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Сырдарияның сол жақ жағалауы, 115, «Болашақ» университеті.

(Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті № KZ041LA00011297, берілген күні 14.03.2018 ж.)

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Кристалл менеджмент» АҚ 10.10.2022 жылдан 14.10.2022 жылға дейін бірінші экологиялық порталда «Тұтынудың электр қуаты 4 МВт-қа дейінгі ГТЭС-Ақшабұлақ деректерді өңдеу орталығы объектісін салу» жұмыс жобасына Қоршаған ортаны қорғау бөлімі (КОКБ) жобасы бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды. Құрылыс нысаны Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, «Ақшабұлақ» кен орны, ГТЭС-Ақшабұлақ мекен-жайы бойынша орналасқан.

Қоғам өкілдері қоғамдық тыңдаулардың материалдарымен бірінші экологиялық портал сайтында таныса алады: <https://ecoportal.kz/> / «жария талқылаулар» айдары.

Бастамашы: «Кристалл менеджмент» АҚ, ұялы тел.: 8 777 780 8883.

Бас жобалау ұйымы: «Арх-Стиль» ЖШС, ұялы тел.: 8 778 416 5317.

Әзірлеуші: «ECO BISS» ЖШС Астана қ., Бөгенбай батыр д-лы 56, БП-30, ұялы тел.: 87017973833.

Бірінші экологиялық порталдың сайтында өз ескертулеріңізді, ұсыныстарыңызды және сұрақтарыңызды қоюға болады: <https://ecoportal.kz/>, «көпшілік талқылау» айдары.

Қазалы ауданы тұрғындарының назарына!

03.10.2022 жылы – Ақсуат, Майлыбас, Байқожа, Көбек елді мекендерінің;

04.10.2022 жылы – Әйтеке би кентінің;

05.10.2022 жылы – Ақкесек №2 насос станциясының ауыз-су жүйелерінде жоспарлы күзгі жуу-шаю және залалсыздандыру жұмыстары жүргізілуіне орай, осы уақытта су құбырынан ауызсу пайдалануға болмайтындығын ескертеміз.

Анықтама тел.: 8 724 38 24 1 20, 8(707) 847-85-64

«Арал» СЖКБД филиалының «Қазалы ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі

Жаңақорған ауданы тұрғындарының назарына!

05.10.2022 жылы – Байкенже, Жанарық, Әбдіғаппар, Нәлібаев, Өзгент, Түгіскен-1, Түгіскен-2, Қожакент, Келінтөбе елді мекендерінің;

06.10.2022 жылы – Кейден, Қандөз, Бірлік, Бесарық, Қыраш, Манап, Талап елді мекендерінің ауызсу жүйелерінде жоспарлы күзгі жуу-шаю және залалсыздандыру жұмыстары жүргізілуіне орай, осы уақытта су құбырынан ауызсу пайдалануға болмайтындығын ескертеміз.

Анықтама тел.: 8(707) 926-82-51

«Арал» СЖКБД филиалының «Жаңақорған ауданының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі. (БСН 19104102733 24.10.2019 ж.)

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Энергосервис» ЕЖШС электрмен жабдықтау қызметінің бағасы туралы жобасын талқылау үшін жария тыңдау өткізетінін хабарлайды.

Жария тыңдау 2022 жылы қазан айының 10-шы жұлдызында сағат 15.00-де Қызылорда қаласы Абай көшесі 25-б мекен-жайында орналасқан «Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС ғимаратында өткізіледі.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: **70-00-52** телефоны арқылы байланысуға болады. **E-mail: smjarnama@mail.ru**

Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы, облыстық медицина саласының ардагерлер кеңесі және "Senim" денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы» РҚБ-нің Қызылорда облыстық филиалының ұжымы медицина саласының ардагері

Оразбаков Күмісбай Нұрмашанұлының қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Құран байқауы және Марал ишан медресесі

Жиында облыс әкімінің орынбасары Н.Сактағанов және ардагер, «Болашақ» университетінің құрылтайшысы, экономика ғылымдарының докторы Б.Досманбетов сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Байқау қорытындысымен жеңімпаздарға қаржылай сыйлықтар табыстатылып, арнайы сертификат беріледі. Атап айтқанда, бірінші орынға автокөлік берілсе, жалпы жүлде қоры 15 млн теңгеден астам қаржыны құрады. Айта кетейік, жеңімпаздарды марапаттау шарасы 29 қыркүйекте, яғни, бүгін осы «Ақмешіт-Сырдария» мешітінде өтеді.

2015 жылдың қасиетті Рамазан айында кәсіпкер Мұрат Нұрсейітовтің бастамасымен қоғам қайраткерлерінің және облыс әкімінің қолдауымен Белкөл кентінде «Қалмұхаммед ишан» мешіті ашылған болатын. Бүгінде сол мешіттің жанынан Марал ишан атындағы зәулім медресе бой көтерді.

Салтанатты шараға облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сактағанов, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы бастаған ҚМДБ басшылық құрамы, сонымен бірге, Меккедегі қасиетті Қағбаның кілтін иелік етуші әулеттің өкілі Шейх Мұхаммәд, Меккедегі «Зәмзәм су» мекемесінің директоры Шейх Айман, «Нұр-Қазақстан» қажылық компаниясының президенті Амангелді қажы Еренғайып сынды құрметті меймандар қатысты.

— Жаңа ғана «Құран Кәрімді жатқа айту және мәнерлеп оқу бойынша XI республикалық Құран байқауы бастау алды. Енді міне, Марал

ишан атындағы қарилар дайындау орталығының ашылуына куәгер болып тұрмыз.

Сыр елінде осыдан бір ғасыр бұрын Қалжан ахун іргетасын қалаған медреседен білім алған ахундар мен ишандардың діни ағартушылық бағыттағы еңбектері бұл күнде халықтың рухани мұрасына айналғаны баршамызға белгілі. Сол секілді, осынау медресе де ел руханиятында жүздеген жылдық тарихы бар іргелі орынға айналары сөзсіз. Оқу орталығынан білім алған жастар еліміздің болашағына қызмет ететіне сенімдіміз. Сыр елі қашанда қазақылықтың қаймағы бұзылмаған өңір болып есептеледі. Әйгілі жырауларымыз, сүлейлеріміз, сондай-ақ, ахун, ишандарымыз бар. Олардан

қалған тағылымды сөз талай жылдар бойы халқымыздың береке-бірлігінің және тұрақтылығының алтын арқауына айналды. Сонымен қатар, мындаған жылдардан берік қалыптасқан салт-дәстүріміз түрлі жат ағымдардың ықпалынан сақтап келеді.

Дініміз берік болса, татулығымыз баянды болады. Сондықтан өңірімізде бой көтерген діни оқу орталығының ашылуы құтты болсын, — деді Н.Сактағанов.

Жиында Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы, Меккедегі қасиетті Қағбаның кілтін иелік етуші әулеттің өкілі Шейх Мұхаммәд, «Зәмзәм су» мекемесінің директоры Шейх Айман, «Нұр-Қазақстан» қажылық компаниясының президенті Амангелді қажы Еренғайып,



облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, қоғам қайраткері Рзақұл Нұртаев сөз сөйлеп, ізгілікті істі жүзеге асырған кәсіпкер Мұрат Нұрсейітовке және қолдау танытқан азаматтарға алғыс білдірді. Үш жүзге пір болған Марал ишан бабаның білімдарлығы туралы ой толғап, осынау шаңырақтан білім алатын жастардың болашағына сенім артты.

Жиынды ұйымдастырушылардың айтуынша, 2020 жылы Наурызбай қажы Тағанұлы өңірге келген іссапарында дәл осы жерде «Марал ишан» Сыр қариларын дайындау орталығының іргетасы қалануына тілегін білдірген екен. Бұл ізгі ниетті бастамаға қалың көпшілік те қолдау танытқан. Араға екі жыл салып, сол тілек қабыл болып, рухани ілімнің көусар бұлағы, имандылық пен адамгершіліктің алтын тұғыры Марал ишан медресесі халық игілігіне пайдалануға берілді.

Нақтырақ айтқанда, Марал ишан атындағы қарилар дайындау орталығының құрылысы жергілікті кәсіпкер Мұрат Нұрсейітовтің демеу-

шілігімен 2019 жылы басталып, 2022 жылы аяқталды. Гимарат екіқабатты, 80 адамға шақталған. Сондай-ақ, дәл осындай типтегі қарилар дайындау орталығы Арал қаласында және Қазалы ауданы, Әйтеке би кентінде де қолданысқа беріледі. Жаңа гимараттардың ашылуына Бас мүфти қатысады деп күтілуде. Айта кетейік, бұған дейін осындай Құран жаттау орталығы Шиелі кентінде ашылған.

Үшкүндік іс-шара аясында Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы бастаған дін қызметкерлері мен қарилар еліміздің игілігі мен болашағы үшін құрбан болған батырларымыз бен хан-сұлтандарымыздың, талай нәубетті замандарда репрессияға ұшыраған ата-бабаларымыздың рухына қасиетті Құран аяттарын бағыштап, жарылқау тілейді. Сонымен қатар тәуелсіз еліміздің ертені, халқымыздың бірлігі мен амандығы үшін дұға жасайды.

Суреттерді түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

«ӨНЕРІМ ӨЗІҢЕ, ТУҒАН ЖЕР!»

С.Айтбаев атындағы облыстық көркемсурет галереясында Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, Мәдениет саласының үздігі Әбілқасым Сәрсенбаевты еске алуға арналған «Өнерім өзіңе, туған жер!» атты шығармашылық көрмесінің ашылу салтанаты өтті. Мақсаты – өнер иесін еске алып, оның шығармаларын өскелең ұрпаққа дәріптеу.

Аружан ЕРАЛЫ,
«Сыр бойы»

Іс-шараға облыстық мәдениет және спорт басқармасы басшысының орынбасары Ерділда Нұртазаұлы, зиялы қауым өкілдері және мәдениет саласының қызметкерлері мен суретшінің туыстары – Есенқұл және Исабек Сәрсенбаевтар, сондай-ақ суретшінің жұбайы Жанат Сәдуақұзы қатысты.

Әбілқасым Сәрсенбаев 1955 жылы Шиелі ауданы Жанатұрмыс ауылында дүниеге келген. 1979 жылы Алматыдағы Н.Гоголь атындағы көркемсурет училищесін бітіріп, Шиелі аудандық пионерлер үйінде сурет үйірмесін ашып, ең алғаш еңбек жолын сонда бастаған. Аудандық өнер мектебінің директоры болған. 1986 жылы Т.Жүргенов атындағы мемлекеттік театр және көркемсурет институтының дизайн факультетін бітіріп, оқытушы болып, аталған білім



ордасының профессоры атанған. Оның ұлттық бояуға бай бірқатар төл туындылары АҚШ, Англия, Франция мемлекеттеріне танылып, халықтың ықыласына бөленді. Бірқатар еңбектері ҚР Мәдениет министрлігінің көркем көрмелер дирекция қорында сақтаулы.

Көрмеге суретшінің 100-ден астам туындылары қойылды. Көрме 20 қазанға дейін жалғасады. Солардың бірі «Аққұшықтағы ақ үйім», «Аққұшықтағы құдық», «Аққұшықтағы ауыл» атты картиналары оның туған жерге деген сағынышынан туған дүниелер. Майлы бояу және графикамен салынған картиналар –

өнер иесінің көп жылғы еңбегінің жемісі.

Көрменің ашылуында сөз алған басқарма басшысының орынбасары Ерділда Нұртазаұлы суретшінің бірқатар еңбегіне тоқталып өтті.

— Ел мәдениетінің өркендеуіне өзіндік үлес қосып, қайталанбас туындыларымен есте қалған Әбілқасым Сәрсенбаевты еске алуға арналған шығармашылық көрменің ашылуымен баршамызды құттықтаймын. Тарихты туынды арқылы көрсетіп, мылқау бейнені түсінікті тілмен сөйлете білу – суретші мен мүсіншінің қолынан келетін өнер. Сондай ерекше өнердің иесі атанған Әбілқасым ағамыздың туындылары бүгінде тек республикаға ғана емес, дүние жүзіне танымал. Қылқалам шеберінің шығармашылығы – ізін ерген шәкірттеріне, өскелең ұрпаққа қалған мұра. Сол мұраны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу – басты міндетіміз, — деді ол.

Иә, қылқалам шебері ауылдың өмірі мен тыныс-тіршілігін, табиғатын, адамдарын өз шығармашылығына арқау еткен. Сондай-ақ, бүкіл Түркі әлемінің алып тұлғасы Мұстафа Шоқайдың графикалық суреттерін, портреттерін ерекше бейнелеген. Сыр мәдениеті мен өнерін көрсететін әртүрлі бейнелер мен

өзгеше туындылар шығармашылық көрмеде көпшілікке ұсынылды.

Суретшілер атынан ҚР Мәдениет қайраткері Амангелді Кененбаев естелік айтты.

— Іс-шараға қолдау көрсеткен мәдениет және спорт басқармасына, сондай-ақ, көркемсурет галереясының ұжымына алғыс білдіремін. Әбөкеннің туындылары бізге ғана емес, бүкіл халыққа ортақ дүние. Кез келген туындысын халқына арнап, ерекше бейнеледі. Сол еңбегін бағалап, жастарға насихаттап, әрбір суретіне төрден орын бергендеріңіз үшін рахмет, — деді суретшінің жұбайы Жанат Сәдуақұзы.

Ә.Сәрсенбаев 2008 жылы «Мұстафа Шоқай жолымен» атты экспедицияның мүшесі ретінде бірталай елді аралаған. Мұстафа Шоқайдың туған жері Наршөкыдан бастап, Парижге дейін барып, тарихи тұлғаның өмірін зерттеген. Осы сапар нәтижесінде «Ұлт тұлғасы – Мұстафа Шоқай» және «Мұстафа Шоқай суретші көзімен» атты екі бірдей кітап-альбомы жарық көрді. Суретшінің ұлттық болмыс пен құндылықтарға толы әрбір туындысы халықтың назарын аударып, лайықты бағасын алып келеді. Жиын соңында суретшіге арналған көрме-экспозициясы таныстырылып, жиналған қауым ерекше әсер алып қайтты.

Простатит, аденома, несеп шығару қызметінің бұзылуы, белсіздік?!



Бұл препарат отандық және халықаралық құжаттармен мақұлданды. Оны аденома, простатит, импотенция, цистит, сондай-ақ құлықтың бейнелік кәсіпкері мен белсіздік сияқты ауруларды кешенді емдеуде қолдану ұсынылған.

жүр. Бұл кешенді препарат қабыну процестерін жоюға, жұмсақ тіңдердің ісінуін басуға, микроорганизмдерді өлтіруге, сондай-ақ зәр шығару мен жыныстық белсенділікті қалпына келтіруге арналған. Препаратты қабылдап бастағаннан кейін бір аптадан соң, осы уақытқа дейін мазалаған жағымсыз сезімдер, ауырсыну және зәр шығару кезіндегі ауырсыну сезімі жоғалады. Емдеу курсынан кейін кіші жамбаста қан айналым процестері дұрысталады және қуықасты безінің, қуық пен уретраның жұмысы қалпына келеді. Сонымен қатар, «Уропротектор» гормоналды деңгейді қалпына келтіруге көмектеседі. Ал бұл эрктиль қызметін жақсартып, простата аденомасының дамуына жол бермейді. «Уропротектордың» бірегей құрамының арқасында препарат бос радикалдардың мөлшерін азайтуға көмектеседі, осылайша қуықасты безі қатерлі ісігінің дамуына жол бермейді. «Уропротектор» – жағымсыз урологиялық аурулардан арылуға және қалыпты жыныстық өмірді қалпына келтіруге көмектеседі!

Мына телефон арқылы кеңес ала аласыз және «Уропротекторға» тапсырыс бере аласыз: 8 705 92 55 429 немесе uroprotector.kz сайты арқылы.



Оразбаев Муратхан Орал қаласы

Сәлеметсіздер ме! Жақинда ғана мен простатитті емдеуде арналған «Уропротектор» деп аталатын дәрі сатып алдым. Оны қолданғаннан кейін осы препаратқа қатысты нақты бір пікір пайда болып, сіздермен бөлісуді жөн көрдім. Алдымен сіздерге ауруым туралы қысқаша айтып өтейін. Мені бірнеше жыл бойы простатит ауруы мазалап келді, көбіне ауру қыста асқынып кететін. Шап аймағында және зәр шығару каналында ауырсынулар пайда болып, үнемі ығығыздық, мазалайтын болды. Осы уақыт аралығында қаншама дәрі қабылдап көрдім. Кейбір дәрі-дәрмектерден пайда болды, бірақ өкінішке орай әсері ұзаққа созылмады. Ал «Уропротекторды» қабылдағаннан 2 ай болды. Осы препаратты қабылдағаннан нәтижесінде аурудың барлық белгілері кетті. Қазір өзімді жақсы сезінемін. Осыған дейін мазалаған ығығыздық та сезілмейді және төсек қатынасы да қалпына келді. Айтарым, осы өнімге толықтай көңілді болды. Баршаңызға зор денсаулық тілеймін, сау болыңыздар!

Құрамында негізгі белсенді заттар: препараттың құрамында химиялық компоненттер жоқ. Дозасы және қабылдау әдісі: қабылдау уақыты 1 айдан жоғары. Қарсы көрсеткіштер: компоненттерге жеке тәубейшілік.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР МЕДИЯ

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

www.instagram.com/syrboyi_kz